

## Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

### *Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 23 тамыздағы № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29309 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 28.12.2022 № 16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының 2022 жылғы 16 тамыздағы № 9 хаттамасының негізінде ШЕШТІМ:

1. Тасқала ауданы II-Шежін ауылының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Тасқала ауданы әкімі аппаратының басшысы осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Т. Шакиров*